

**1. Мамандық атауы: 07130200 - Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)**

**Біліктілігі:** Техник - электрик

**Оқу мерзімі:** 11 сынып негізінде 2 ж. 10 ай

9 сынып негізінде 3 ж. 10 ай

**Бейін бойынша пән атауы: Физика (9 сынып) Алгебра және анализ бастамалары, Физика (11 сынып)**

**2. Ұқсас мамандықтар:**

Техник - жолшы, инженер-электрик, электромонтер, реттеу мен сынақтан өткізу технигі, байланыс қызметкері.



**3. Кәсіби қызмет саласы:**

Электриктер электр жүйесін, электр аппараттарын, құрылғыларын жөндеу, жаңарту аймағында, атап айтсақ: электрстанцияларда, радио – телестанция саласында, өндірістік кәсіпорындарда, құрылыс компанияларында, кез-келген ірі мекемелерде жұмыс жасайды.



#### 4. Мамандықтың жіктелімі:

- *Еңбек түрі* - Бақылау
- *Кәсіптік бағдар* - «Адам-Техника»
- *Қызмет ауқымы* – Барлық салада

#### 5. Мамандық сипаты:

Электрик – бұл электротехника саласында еңбек ететін маман. Электриктер электр жабдықтары мен қызмет көрсетуші құрылғылардың сенімді жұмыс жасауын қамтамасыз ете отырып, жаңа электр желілерін жүргізеді. Қызмет көрсетуші құрылғыларға жоспарлы-ескертілген жөндеу жұмыстарын жүргізіп, бұзылудың себептерін анықтайды, олардың ескертуімен шара қолданылады. Техникалық қызмет көрсетуіне сәйкес дұрыс әрі сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Жұмыс барысында құрылғының ақауларын жоя отырып, жөндеу, жаңарту және бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.



#### **6. Маманның жеке ерекшеліктеріне қойылатын талаптар:**

Электриктер жоғарғы кернеуде жұмыс жасауына байланысты: жауаптылық, ұқыптылық, сақтық, сенімділік маңызды қасиеттері болып табылады.

#### **7. Медициналық шектеулер:**

- Есту, көру, иіс сезу, түсті сезу қабілетінің төмен болуы
- Тері аурулары
- Орталық ми жүйесінің органикалық аурулары
- Ішкі ағзалар аурулары
- Вегетативтік әрекетсіздік

#### **8. Кәсіби дайындығына қойылатын талаптар:**

*Техник – электрик маманы:*

- электромонтаждау сұлбасын;
- бөлшектерді және түйіндерді қарапайым электромонтаждау сұлбасын;
- электрлік аспаптарды қосу және айыру ережесін;
- электр құрылғыларының жұмыс принципі мен техникалық параметрлерін тағайындауды;
- электр құрылғыларын жаңарту және қайта құрау құралдарын ыңғайластыруды;
- жұмыстан шығарылған құралдардың жұмысқа қабілеттілік және жөндеуге жарамдылығын анықтауды;
- жөндеу жұмыстарын орындайтын қызметкер үшін қауіптің пайда болу себебі мен жою тәсілдерін;
- мерекелік шаралар өткізу үшін электрмен қамтамасыз ету құралдарымен жабдықтарды қалпына келтіруді;
- электр жабдықтарын қолдану алдында құралдармен аппаратура және өлшеу әдістеріне қызмет көрсетуге бейімдеуді *білуі тиіс*.

**Техник – электрик маманы:**

- Электр жабдықтарының техникалық жағдайын бағалау мен бүліну белгілерін және тексеруді орындауда еңбекке қабілеттілігін қадағалауды;
- Электр станциялары мен желілердің электр жабдықтарының үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуді;
- Электр жабдықтарын құрастыру және бөлшектеу жұмыстарын орындауды;
- Электр жабдықтарын жөндеу және оған тексеру жүргізуді;
- Тұтынушыларды электрмен қамтамасыздандыруды қалпына келтіруді;
- Жөндеу жұмысының сапасына тексеріс жүргізуді;
- Жөндеуден кейінгі электр жабдықтарын сынақтан өткізуді *істей білуі керек.*



**9. Қолданылу аясы:**

Мамандық - құрылыс мекемелерінде, электр көліктерінде, ірі фермаларда, өнеркәсіптік кәсіпорындарда жоғары сұранысқа ие, атап айтсақ, кеңселік кешендер, мектептер мен ЖОО, ірі сауда орталықтары және т.б. Осы мекемелер орналасқан ғимараттардың ішкі электр желілерінің қызмет көрсетуі мен жөндеу жұмыстары үшін штаттық жеке электриктермен қамтамасыз етіледі.

**10. Еңбек жағдайы:**

Электриктер кез-келген ауа-райы жағдайында әуе желілерінде, ғимараттарда, салынып жатқан объектілерде электр желісін жүргізіп, цехта өнеркәсіптік жабдықтарын, әуежайлардың жанындағы ұшақ ангарында ұшақтың қозғалтқыштарын жинайды. Жоғары кернеуде жұмыс жасауына байланысты электриктің жұмысы қауіпті.

**11. Кәсіби тәуекелдер:**

Электриктің қателігінен қысқа тұйықталу орын алып, өрт, электрлік жарақат секілді ауыр жағдайлар орын алуы мүмкін. Сондықтан да мамандық жоғары жауапкершілікті талап етеді.

**12. Қажетті кәсіби білім:**

0902043 «Техник-электрик» біліктілігін алу үшін, 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)» мамандығы бойынша кәсіптік білімі болуы қажет.

### **13. Мансаптық өсу:**

Мансаптық өсуді жоспарлағанда біліктілікті арттыру қажет, нәтижесінде жоғары кернеуде қызмет көрсетуге арналған электр қондырғыларымен жұмыс жасауға болады. Дегенмен, кәсіби деңгейде өсу үшін жоғары техникалық білім алу қажет.